

Г.К. Укибаева*, PhD, доцент¹

М.Т. Рахымова, п.ғ.м., ассистент¹

Е.О. Ермекбаева, з.ғ.м., ассистент¹

Н.А. Аманкелді, PhD²

Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
Астана қ., Қазақстан¹

Каспий қоғамдық университеті,
Алматы қ., Қазақстан²

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: gulim6903@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Зерттеу жұмысы техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерін қаржыландырудың өзекті мәселелеріне арналады. Білім беруді қаржыландыру бүгінгі таңда одан әрі жетілдіруді қажет етіп отыр. Жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесін қолданатын елдердің тәжірибесі көрсеткендей, негізгі мәселе – тиімділік пен әділдік критерийлеріне толық жауап беретін оңтайлы үлгіні әзірлеу болып табылады.

Білім беру саласында амбициялы мақсаттар қою қиын емес. Алайда, бұл мақсаттарға жету үшін қаржы ресурсы, сондай-ақ бұл ресурстарды қолданудағы максималды тиімділік пен әділеттілікті қамтамасыз ететін саясат қажет. Білім жүйесін дамыту арқылы ел экономикасының дамитыны анық. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін қолдауға және дамытуға жыл сайын жүздеген миллиард теңге бөлінеді, бірақ халықтың барлық топтары үшін сапалы білім беру қызметтеріне қолжетімділік әлі де өзекті мәселе болып қала береді. Демек, білім беру саласындағы қаржыны бөлу мен пайдаланудың тиімділігі туралы мәселе туындайды.

Зерттеу жұмысының шеңберінде көптеген елдердің білім беруді қаржыландырудағы халықаралық тәжірибесіне талдау жүргізіле отырып, білім берудегі ағымдағы кірістер мен шығыстардың динамикасы, педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің штат саны және қоса атқарушылар бойынша талдау жасалды. Жүргізілген талдау негізінде техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерін жұмыс жасайтын білікті кадрлармен қамтамасыз ету мәселелері анықталды. Нәтижесінде жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар ұсынып отырмыз.

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру кезінде ақпараттық-аналитикалық әдіс, салыстырмалы және статистикалық талдау әдістері, графикалық-аналитикалық құралдар қолданылды.

Кілт сөздер: білім, қаржыландыру, сапа, біркелкілік, талдау, кірістер, шығыстар, кадрлар.

Ключевые слова: образование, финансирование, качество, равномерность, анализ, доходы, расходы, кадры.

Keywords: education, financing, quality, uniformity, analysis, income, expenses, personnel.

Кіріспе. Бүгінгі таңда Қазақстанда білім беруді қаржыландыру мәселелері өзекті. Кәсіптік білім беру, оларды жұмысшы мамандықтарына даярлау, мамандарды қайта оқыту және олардың біліктілігін көтеру – мемлекетіміздің білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі. Кәсіптік білім беру жүйесі өндіріс орындарын білікті жұмысшылармен жеткілікті қамтамасыз етеді.

Барлығымыз білетіндей, білім жүйесі - еңбек ресурстарын дамыту арқылы ел экономикасын дамытудың бір элементі. Осыған байланысты, аталған мақаланың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің қаржылық тетігінің қаржыландыру мәселелерін зерттеу мен техникалық және кәсіптік білімнің қазіргі таңдағы қаржылық-шаруашылық дербестігін арттыруға сәйкес жаңғырту негіздеріне ықпал ететін факторларды анықтау және талдау жүргізу болып табылады. Тұрақсыз өзгерістерге негізделген экономикалық жағдайда білім беру жүйесінің қажеттіліктерін ескеру үшін білім беру жүйесін басқаруды дамыту, жауапкершілік пен уәкілеттіліктің ара жігін ажырату, әртүрлі деңгейдегі басқару функцияларын анықтау, білім беруді басқарудың жүйесін құраушыларды жаңғырту қарастырылады. Зерттеу мақсатына жету үшін заманауи тенденциялар негізінде білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттері мен нәтижелікке бағытталады. Олар жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесін талдау, қаржыландырумен және білікті кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты проблемаларды анықтау және тағы басқа, қаржыландыру жүйесін жетілдіру жолдарын зерттеуге бағытталған.

Жүргізілген талдау негізінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында (ТЖКБ) білім сапасын арттыру, қаржыландыруды жақсарту үшін ұсыныстар әзірлеу. Бүгінгі таңда жаһандану мен индустрияландыру жағдайында сапалы жұмысшы кадрларды даярлау – кез келген мемлекеттің саясатындағы негізгі міндеттің бірі.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру кезінде ақпараттық-аналитикалық әдіс, салыстырмалы және статистикалық талдау әдістері, графикалық-аналитикалық құралдар қолданылды. Ақпараттық-аналитикалық зерттеу әдісін қолдану ақпаратты іздеуге, олардың сапасын тексеруге және өңдеуге мүмкіндік берді. Салыстырмалы және статистикалық талдау әдістері мәліметтерді жинау мен өңдеудің ең тиімді әдістері болып табылады. Зерттеу барысында қолданылатын әртүрлі әдістер - талдау және синтез әдісі. Жұмыс барысында біз объектілерді құрамдас бөліктер ретінде зерттеп, оларды бөлек қарастыруға тырыстық. Синтез әдісі алынған ақпаратты біртұтас тұтастыққа біріктіруге және жалпы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттік шолу. Әртүрлі елдерде білім беруді қаржыландырудың модельдері мен тәсілдерін зерделеу неғұрлым табысты практикаларды анықтауға мүмкіндік береді, әртүрлі тәсілдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға, сондай-ақ білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін қаржыландыруға жаңа және инновациялық тәсілдер әзірлеуге көмектеседі. Дамыған елдерде білім беру саласында жан басына шаққандағы қаржыландыру қағидатын пайдалану саясаттың ажырамас бөлігіне айналууда. Мәселен, колледждерді жан басына қаржыландыру түрлі модельдер мен тәсілдерді қамтуы мүмкін. Әртүрлі елдердегі білім беруді қаржыландырудың бірнеше мысалын қарастырайық.

АҚШ-та қаржыландыру мемлекеттік субсидиялар, гранттар, оқу ақысы немесе жеке қайырымдылықтар кіретін көздердің комбинациясына негізделген. Білім беру мекемелерінің негізгі кірісі штат бюджеттерінің қаражаты екені белгілі [1]. Сондай-ақ, Эндаумент-қорлар қаржыландыру кезінде маңызды рөл атқаратынын атап өту керек.

Ұлыбританияда қаржыландыру кезінде білім алушылар оқу ақысын төлеуге мемлекеттен қарыз алады, оны оқу бітіргеннен кейін ғана төлейді. Айта кету керек, бұл ретте төлемдер олар белгілі бір табыс шегінен асқан кезден бастап төлене бастайды [2].

Германиядағы білім беруді қаржыландыру моделінің өзіндік ерекшеліктері бар, атап айтқанда Германиядағы білім беруді қаржыландыру федералды, аймақтық және жергілікті қаржыландыру кешенді жүйе арқылы жүзеге асырылады. Германияда жан басына шаққандағы қаржыландырудың қатаң белгіленген үлгісі жоқ, бірақ кейбір өңірлерде қаржыландыру білім беру мекемесіндегі оқушылар санына байланысты болуы мүмкін. Әлемнің көптеген елдерінде білім беруді қаржыландырудың негізгі көзі мемлекеттен беріледі [3].


Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының күн тәртібімен бекітілген орнықты даму аясында алға қойылған мақсаттарға жетудің негізгі бағыты білім беру саласына берілген. Осы мақсаттардың аясында отандық ғалымдармен білім беруді қаржыландыру мәселелері зерттелді. [4, 5]. Өйткені қаржыландыру кез келген мемлекеттің адами капиталын дамыту факторы болып табылады [6].

Жүргізілген ғылыми әдебиеттерге шолу негізінде әр түрлі елдерде қаржыландырудың әр түрлі модельдері қабылданғаны және бұл модельдердің қаншалықты тиімді екендігі айқын көрінеді, мәселе ашық күйінде қалып отыр, өйткені біз әр түрлі қаржыландыру модельдерінен басқа қаржыландырудың әр түрлі тәсілі, формасы мен жүйесі бар екенін байқадық. Осыған байланысты білім беруді қаржыландыру және ең оңтайлы модельді әзірлеу мәселелерін зерделеу және зерттеу қажет.

Негізгі бөлім (*талдау, нәтижелер және талқылау*). Қазақстанда колледждерді қаржыландыру бірнеше кезеңнен өтті. 1990 жылдан қаржыландыру тетіктерін іске асыру мен жетілдіру қаржыландырудың орталықтандырылған жүйесінен орталықтандырылмаған жүйеге көшу бастау алды. Осы кезеңде стратегия мен заңнамалық базаны қалыптастыру жүзеге асырылды. 2000 жылдары елімізде колледждерді жан басына шаққандағы қаржыландыру енгізіле бастады. Қаржыландырудың бұл моделі білім алушылар саны мен көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасы арасындағы байланысты қарастырды. Одан әрі мемлекеттік және жеке қаржыландыруды тарту енгізілді. Жеке қаржыландыруға кәсіпорындар мен мекемелердің гранттары, қайырымдылықтар мен демеушілік қаражат кірді. Стипендиялар, жеңілдетілген несие түрлері және қаржылай көмектің басқа да түрлерін қамтитын білім алушыларды қолдау бойынша бірқатар бағдарламалар қабылданды.

Жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесін жетілдіру мақсатында басқару жүйесін, мониторинг, шығыстарды бақылау тетіктерін жақсарту, сондай-ақ бөлінген қаражатты пайдалану тиімділігін арттыру бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізілді. Қазақстанда бірақ қаржыландыру проблемалары әлі күнге дейін өзекті болып отыр. 2023 жылғы маусым айында Парламент Мәжілісінің


жалпы отырысында да бұл мәселе көтерілді. Талдау нәтижелері бойынша бос орындардың 40%-ы орта және кәсіптік білім беру мамандарына тиесілі. Колледждерді қаржыландыру деңгейін арттыру қажет, себебі білім беру сапасы тікелей қаржыландыруға байланысты екенін, Мәжіліс депутаты И.Смирнова айтып өтті. Бұл қорытындылар педагогтар мен шеберлердің жалақысы мектеп мұғалімдеріне қарағанда төмен болуына байланысты жасалды, тиісінше олар көп табыс табатын жерге баруға мәжбүр немесе оқу процесіне біліктілігі төмен оқытушылар тартылады [7]. Толық көрініс алу үшін ТжКБ бойынша негізгі көрсеткіштерді қарастырамыз. 1-суретте жалпы білім беру және ТжКБ бойынша ағымдағы шығыстар мен кірістердің динамикасы келтірілген.



1-сурет. Ағымдағы кірістер мен білім беру шығындарының динамикасы*

* [8] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

1-суреттен көріп отырғанымыздай, ағымдағы шығындар білім берудің ағымдағы кірістерінен аспайды, бірақ жыл сайын динамикада өседі. Түрі бойынша кірістер мен шығыстарға қатысты жылдар бойынша өсім байқалады, бірақ өсім сәйкесінше 12,76 және 12,1%, ал жалпы білім бойынша 26,46% және 24,48% құрайды. Әр жылдар бойынша кірістер мен шығыстардың үлесі жыл сайын төмендейді, егер 2020 жылы 8,25 және 8,01% болса, онда соңына қарай тиісінше 6,58 және 6,48% - ға дейін төмендеді. Білім беруді қаржыландырудың өсуі көбінесе инфляциялық процестерге немесе жалпы бюджеттік қолдаудың қысқаруына байланысты және білім беру объектілерінің санымен ешқандай байланысы жоқ, себебі егер 2019 жылы 740 колледж жұмыс істесе, онда олардың саны 711-ге дейін төмендеді.



2-сурет. Колледждердің кадрлық құрамы бойынша көрсеткіштердің динамикасы*

* [8] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Суреттен көрініп тұрғандай, оқытушылар саны жыл сайын өсіп келеді, 2023 жылы 2021 жылмен салыстырғанда өсім 5,93% құрады, ал өндірістік оқыту шеберлері бойынша керісінше 6,67% төмендеу байқалады. Сапалық құрамға қатысты 93,7% оқытушылар мен шеберлер - 72,6% жоғары білімді. 56,27% оқытушылар және 52,71% санаты жоқ шеберлер, яғни оқу процесіне біліктілігі төмен оқытушылар мен шеберлердің жартысынан астамы тартылған. Қазақстан бойынша тағы бір статистика-педагогтардың 1,6%-ы және өндірістік оқыту шеберлерінің 0,28%-ы жоғары санатқа немесе педагог-шебер санатына ие, бұл білім беру мекемелері үшін өте төмен көрсеткіш. 2023 жылға колледждер саны 711 оқу орнын құрады, жалпы білім алушылар контингенті - 547 994 адам. Күтіліп отырған шығарылым 157 516 адамды құрайды, яғни жыл сайын нарыққа орта буын мамандарының 28,7% шығарылады. Колледж түлектерінің сапа деңгейі педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби даярлығына байланысты, бірақ жоғары динамикада көрсетілгендей, өндірістік оқыту шеберлерінің саны азаяды. Дайындық деңгейін жақсарту керек, себебі табысты педагогтар мен шеберлер жалақысының төмендігінен колледждерде қалмайды. Яғни, білім беруді қаржыландыру әрбір білім алушы білім алу қажеттілігінің нормаларын ескермейді, нәтижеге бағытталмаған. Тағы бір проблемалық мәселе-кадрлардың қартаюы, сондай-ақ біліктілікті арттыру. Көптеген түлектердің компьютерде жұмыс істеу дағдылары жоқ, әртүрлі жетілдірілген жабдықтар мен конструкцияларда жұмыс істеу дағдыларының болмауына әкелетін жобалау және модельдеу саласындағы білімнің жеткіліксіздігі. Колледждердің ескірген материалдық-техникалық базасының проблемалары ашық күйінде қалып отыр, тиісінше білім алушылардың білімі практикалық іскерліктермен және дағдылармен нығайтылмайды. Бұл мәселелердің барлығы білім беру мекемелерін қаржыландырумен тікелей байланысты. Бір білім алушыға жан басына шаққандағы қаржыландыру айына 37 мың теңгені құрайды, бұл мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелерін қаржыландырудан аз және олардың инфрақұрылымды дамыту, жабдықтарды жаңарту және оқыту бағдарламаларын жүргізу мүмкіндіктерін шектейді. Жалақының төмен деңгейі одан әрі білікті мамандардың жетіспеуіне алып келуі мүмкін, кәсіби өсу мен даму үшін шектеулі мүмкіндіктерден педагогтарды тартуда қиындықтар туғызады. Сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу және қолда бар қаражатты пайдалану тиімділігі бойынша жұмыс жүргізу қажет [9]. «Технологиялық прогресті дамыту перспективаларын, экономиканың жаһандануын, жүйелік дағдарыстар қаупін, тұрақтылық пен экологиялық жауапкершілікті қамтамасыз етудің маңыздылығын ескере отырып, кадрларды даярлау жүйесі озық әрекет етуі, еңбек нарығының құрылымы мен мазмұнындағы ағымдағы қажеттіліктер мен болашақтағы өзгерістерді қанағаттандыруы тиіс» [10].

Қазақстанда колледждерді жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесін жетілдіру шеңберінде білім беру сапасын жақсартуға және қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың толық спектрі жүзеге асырылады. Бұл үшін жан басына шаққандағы қаржыландырудың ағымдағы жүйесіне талдау жүргізіліп, дуальді оқыту енгізілуде. Жеңілдетілген несиелеу кеңеюде, жастар кәсіпкерлігі мен стартаптарды ынталандыру үшін бірқатар бастамалар ұйымдастырылды. Бірақ техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріндегі білім беру сапасының проблемаларын талдаудан көріп отырғанымыздай, жан басына шаққандағы қаржыландыру тетіктерін жақсарту қажеттілігі туындап отыр.

Қорытынды. Колледждерді жан басына шаққандағы қаржыландыруды жетілдіру стратегиясы мен тетіктері ресурстарды басқару мен бөлудің ашық тетіктерін құруға бағытталуы тиіс. Ол үшін бөлудің нақты критерилері мен стандарттарын дайындау қажет. Білім алушылардың үлгерімін, жұмысқа орналасу деңгейін, білім алушылар мен мүдделі тараптардың қанағаттану деңгейін бағалауды қамтитын колледждер жұмысының сапасын бағалау жүйесін енгізу қажет.

Білім беру сапасын ынталандыру мақсатында сапа мен тиімділіктің жоғары көрсеткіштерін көрсететін қосымша қаржыландыру тетіктерін әзірлеу қажет.

Негізгі бағыттардың бірі – әлеуметтік бағыт, яғни білім алушылардың осал топтарын қолдау. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен білім алушыларға қызмет көрсететін колледждерге қосымша қаржылық қолдау қажет. Колледждердің ерекшеліктері мен әртүрлі қажеттіліктерін ескере алатын жан басына шаққандағы қаржыландырудың икемді және орынды моделін құру ерекше маңызды. Жан басына шаққандағы қаржыландыру моделін жасау барысында аймақтардың ерекшеліктерін ескеру маңызды, себебі модель әр аймақтың бірегей қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне бейімделуі керек.

Сондай-ақ, оқу орындары арасындағы айырмашылықтарды, олардың профильденуін, көлемін, орналасқан жерін, білім алушылардың ерекшеліктерін және ұсынылатын оқу бағдарламаларын ескеру керек.

Жүргізілген талдау негізінде, колледждерді жан басына шаққандағы қаржыландыру моделін жетілдіру үшін, сапаны арттыруға, ресурстарды тең бөлуге, білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді тәсіл мен тетіктерді іске асыру талап етіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Юрга В.А. Структура и механизмы финансирования системы высшего профессионального образования как условие инновационного развития высшей школы (российский и зарубежный опыт) // Сибирская финансовая школа. – 2011. – № 3. – С. 183-188.
2. Подушевое финансирование: за и против. Аналитический отчет [Электронный ресурс]. – Центр исследований Sange. – Астана. – 2013. – URL: <https://sange.kz/wp-content/uploads/2018/02/FinancePerCapita2013.pdf>.
3. Лисюткин М.А. О возможных причинах ухудшения ресурсной базы вузов // Вопросы образования. – 2017. – № 2. – С. 74-94.
4. Хамбар Б., Утебаева А.Б., Гафятуллина Д.Ф. Внедрение принципов бюджетирования Целей устойчивого развития ООН в Казахстане // Вестник КазУЭФМТ. – 2022. – № 3(48). – С. 56-62.
5. Алина Г.Б., Лукпанова Ж.О., Оразбаева А.Г., Алибекова А.Б. Финансирование сферы образования в условиях устойчивого развития Республики Казахстан // Вестник КазУЭФМТ. – 2023 – №2 (51). – С. 38-44.
6. Орынбасаров М.К., Тумбай Ж.О. Финансирование высшего образования как фактор развития человеческого капитала в Казахстане // Экономические и гуманитарные науки. – Орел: ИП Синяев В.В. – 2020. – № 8(343). – С. 43-53.
7. Повысить финансирование колледжей Казахстана просит депутат. Новости Казахстана и мира на сегодня [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.zakon.kz/sobytiia/6396839-povysit-finansirovanie-kolledzhey-kazakhstan-prosit-deputat.html>.
8. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Образование. Динамические таблицы [Электронный ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/publications/6390/>.
9. Отраслевой совет павлодарского «Атамекена» предложил поднять оплату учителям частных колледжей. Новости регионов [Электронный ресурс]. – URL: <https://atameken.kz/ru/news/50838-otraslevoj-sovet-pavlodarskogo-atameken-predlozhit-podnyat-oplatu-uchitelyam-chastnyh-kolledzhey>.
10. Качественное образование, доступное каждому. Проект Национального доклада к I Съезду педагогов [Электронный ресурс]. – Астана. – 2023. – URL: https://www.gov.kz/uploads/2023/9/27/71128e33b6ede7e4525124400ce72a7c_original.848817.pdf.

REFERENCES

1. Yurga V.A. Struktura i mehanizmy finansirovaniya sistemy vyssego professionalnogo obrazovaniya kak uslovie innovatsionnogo razvitiya vysshei shkoly (rossiski i zarubejniyi opyt) [Structure and mechanisms of financing the system of higher professional education as a condition for innovative development of higher education (Russian and foreign experience)] // Sibirskaiia finansovaiia skola. – 2011. – № 3. – S. 183-188 [in Russian].
2. Podusevov finansirovanie: za i protiv. Analiticheski ochet [Per capita financing: pros and cons. Analytical report] [Elektronny resurs]. – Sentr issledovani Sange. – Astana. – 2013. – URL: <https://sange.kz/wp-content/uploads/2018/02/FinancePerCapita2013.pdf> [in Russian].
3. Lisjutkin M.A. O vozmojnyh prichinah uhudsenia resursnoi bazy vuzov [On possible causes of deterioration of the resource base of universities] // Voprosy obrazovaniya. – 2017. – № 2. – S. 74-94 [in Russian].
4. Hambar B., Utebaeva A.B., Gafyatullina D.F. Vnedrenie principov byudzhetrovaniya Celej ustojchivogo razvitiya OON v Kazahstane [Introduction of budgeting principles of the UN Sustainable Development Goals in Kazakhstan] // Vestnik KazUEFMT. – 2022. – № 3(48). – S. 56-62 [in Russian].
5. Alina G.B., Lukpanova Zh.O., Orzbaeva A.G., Alibekova A.B. Finansirovanie sfery obrazovaniya v usloviyah ustojchivogo razvitiya Respubliki Kazahstan [Financing the sphere of education in the

conditions of sustainable development of the Republic of Kazakhstan] // Vestnik KazUEFMT. – 2023 – №2 (51). – S. 38-44 [in Russian].

6. Orynbasarov M.K., Tumbaj Zh.O. Finansirovanie vysshego obrazovaniya kak faktor razvitiya chelovecheskogo kapitala v Kazahstane [Financing higher education as a factor in the development of human capital in Kazakhstan] // Ekonomicheskie i gumanitarnye nauki. – Orel: IP Sinyayev V.V. – 2020. – № 8(343). – S. 43-53 [in Russian].

7. Povysit finansirovanie kollejei Kazahstana prosit deputat. Novosti Kazahstana i mira na segodna [The deputy asks to increase the financing of colleges in Kazakhstan. News of Kazakhstan and the world for today] [Elektronny resurs]. – URL: <https://www.zakon.kz/sobytiia/6396839-povysit-finansirovanie-kolledzhey-kazahstana-prosit-deputat.html> [in Russian].

8. Buro nacionalnoi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniu i reformam Respubliki Kazahstan. Obrazovanie. Dinamicheskie tablisy [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Education. Dynamic tables] [Elektronny resurs]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/publications/6390> [in Russian].

9. Otrasleyoi sovet pavlodarskogo «Atameken» predlozil podnat oplatu uchitelam chastnyh kollejei. Novosti regionov [The Branch council of Pavlodar «Atameken» proposed to raise the payment to teachers of private colleges. Regional news] [Elektronny resurs]. – URL: <https://atameken.kz/ru/news/50838-otraslevoj-sovet-pavlodarskogo-atameken-predlozil-podnyat-oplatu-uchitelyam-chastnyh-kolledzhey> [in Russian].

10. Kachestvennoe obrazovanie, dostupnoe kajdomu. Proekt Nacionalnogo doklada k I Sezdu pedagogov [Quality education, accessible to everyone. Draft National report for the First Congress of Teachers] [Elektronny resurs]. – Astana. – 2023. – URL: https://www.gov.kz/uploads/2023/9/27/71128e33b6ede7e4525124400ce72a7c_original.848817.pdf [in Russian].

Укибаева Г.К., Рахымова М.Т., Ермакбаева Е.О., Аманкелді Н.А.

ФИНАНСИРОВАНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация

Исследование посвящено одному из актуальных проблем – финансированию учреждений технического и профессионального образования. Финансирование образования сегодня стоит перед необходимостью дальнейшего совершенствования. Как показывает опыт многих стран, применяющих систему подушевого финансирования, основная проблема заключается в разработке оптимальной модели, которая, в полной мере отвечала бы критериям эффективности и справедливости.

Поставить амбициозные цели в области образования просто. Однако для достижения этих целей требуются финансовые ресурсы, а также политика, обеспечивающая максимальную эффективность и справедливость в использовании этих ресурсов. Ежегодно на поддержание и развитие системы образования выделяется сотни миллиардов тенге, но до сих пор доступ к качественным образовательным услугам всех групп населения остается актуальной проблемой. Следовательно, встает вопрос об эффективности распределения и использования финансов в области образования.

В рамках исследования проведен анализ финансирования образования международного опыта стран, проанализированы динамика текущих доходов и расходов на образование, штатная численность педагогов и мастеров производственного обучения и принятых по совместительству. На основании проведенного анализа выявлены проблемы обеспечения квалифицированными кадрами образовательных учреждений технического и профессионального образования. В результате предложены мероприятия по совершенствованию системы подушевого финансирования.

При реализации целей и задач исследования применялись информационно-аналитический метод, методы сравнительного и статистического анализа, графико-аналитические инструменты

Ukibayeva G., Rakhymova M., Ermekbayeva E., Amankeldi N.

FINANCING IN THE EDUCATION SYSTEM: PROBLEMS AND THE FUTURE

Annotation

The study is devoted to one of the urgent problems – the financing of institutions of technical and vocational education. The financing of education today faces the need for further improvement. As the experience of many

countries using the per capita financing system shows, the main problem is to develop an optimal model that would fully meet the criteria of efficiency and equity.

It is easy to set ambitious goals in the field of education. However, in order to achieve these goals, financial resources are required, as well as policies that ensure maximum efficiency and equity in the use of these resources. Hundreds of billions of tenge are allocated annually for the maintenance and development of the education system, but access to high-quality educational services for all population groups remains an urgent problem. Consequently, the question arises about the effectiveness of the allocation and use of finance in the field of education.

Within the framework of the study, an analysis of the financing of education of international experience of countries was carried out, the dynamics of current income and expenses for education, the staff number of teachers and masters of industrial training and part-time employees were analyzed. Based on the analysis, the problems of providing qualified personnel to educational institutions of technical and vocational education have been identified. As a result, measures are proposed to improve the per capita financing system.

In the implementation of the goals and objectives of the study, the information and analytical method, methods of comparative and statistical analysis, graphical and analytical tools were used.

